

**Өлшем құралдарын шығару және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 маусымдағы N 867. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.25. N 626 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

*Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.11. N 380 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Өлшем құралдарын шығару жөніндегі қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары;

Өлшем құралдарын жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары бекітілсін.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.11. N 380 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

2. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті өзінің бұрынырақта қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 7 маусымдағы  
N 867 қаулысымен  
бекітілген

**Өлшем құралдарын тексеру жөніндегі қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары**

*Ескерту. Талаптар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.05.11. N 380 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 7 маусымдағы

№ 867 қаулысымен бекітілген

**Өлшем құралдарын шығару жөніндегі қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары**

Өлшеу (геометриялық, механикалық өлшеу көлемдерін, массаны, күшті, қаттылықты, қозғалыс параметрлерін, қысымды, вакуумды өлшеу, сұйықтар мен газдың шығыстарын және мөлшерін, тығыздық пен тұтқырлықты өлшеу, физикалық-химиялық өлшеу, температура мен жылу-физикалық өлшеу, оптикалық және оптика-физикалық өлшеу, акустикалық, электрлік, магниттік өлшеу, уақыт пен жиілікті, радиотехникалық өлшеу, иондалған сәулеленуді өлшеу) құралдарын шығару жөніндегі қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары :

1) өлшем құралдарын дайындауға арналған нормативтік, сондай-ақ белгіленген тәртіппен және бекітілген келісілген техникалық (техникалық тапсырмалар, техникалық шарттар, конструкторлық-технологиялық құжаттамалар) құжаттамаларының;

2) санитарлық нормалар мен ережелерге және еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес өлшем құралдарын дайындауға арналған өндірістік үй-жайларының;

3) конструкторлық-технологиялық құжаттамаларға сәйкес қажетті технологиялық жабдық пен оны пайдалану жөніндегі нұсқамаларының;

4) қажетті дәлдікпен регламенттеуші өлшемдер әдістері мен сынаулардың нормативтік құжаттарының;

5) шикізатты жинақтаушы бұйымдардың және өнімдердің толық көлемде сапасын бақылауды қамтамасыз ететін өлшеу және сынау жабдықтарының;

6) өлшеу және сынау жабдықтарын монтаждауды және орнатуды регламенттейтін техникалық құжаттамаларының;

7) қолданылатын өлшеу және сынау жабдықтарын метрологиялық аттестаттау немесе тексерісі туралы сертификаттарының;

8) белгіленген тәртіппен алынған өлшем құралдарының түрін бекіту туралы сертификаттарының;

9) шығарылатын өлшеу құралдарын тексеруге құқығы бар заңды тұлғамен метрологиялық қызмет көрсетулерді орындауға арналған шарттарының;

10) өлшем құралдарын өндіру саласында тиісті біліктілігі мен білімі бар мамандар штатының;

11) өлшем құралдарын дайындау мен сынау сапасын ішкі бақылаудың құжаттық жүйесінің;

12) мәлімдеушінің санитарлық нормалардың талаптарына сәйкестігін

растайтын санитарлық қадағалау органдарының қорытындыларының болуын қамтиды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 7 маусымдағы  
№ 867 қаулысымен  
бекітілген

**Өлшем құралдарын жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау  
кезіндегі біліктілік талаптары**

Өлшеу (геометриялық, механикалық өлшеу көлемдерін, массаны, күшті, қаттылықты, қозғалыс параметрлерін, қысымды, вакуумды өлшеу, сұйықтар мен газдың шығыстарын және мөлшерін, тығыздық пен тұтқырлықты өлшеу, физикалық-химиялық өлшеу, температура мен жылу-физикалық өлшеу, оптикалық және оптика-физикалық өлшеу, акустикалық, электрлік, магниттік өлшеу, уақыт пен жиілікті, радиотехникалық, иондалған сәулеленуді өлшеу) құралдарын жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары мәлімделген лицензиялау саласына сәйкес:

1) өлшем құралдарын жөндеуге арналған нормативтік, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген және келісілген техникалық және технологиялық құжаттамалардың;

2) санитарлық нормалар мен ережелерге, еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың талаптарына сәйкес келетін өлшем құралдарын қабылдауды, жөндеуді және сақтауды ұйымдастыруға арналған үй-жайлардың;

3) қажетті технологиялық жабдықтар мен оны пайдалану жөніндегі нұсқамалардың;

4) қажетті дәлдікпен өлшемдер мен сынаулардың орындалу тәсілдерін регламенттейтін нормативтік құжаттардың;

5) шикізаттың, жинақтаушы бұйымдардың және жөндеу жұмыстарының сапасын толық көлемде бақылауды қамтамасыз ететін өлшеу және сынау жабдықтарының;

6) белгіленген талаптарға сәйкес өлшем құралдарына сынақ жүргізу мен жөндеу жұмыстарының сапасын бақылауға арналған жағдайлардың;

7) өлшем құралдарын жөндеу, дәлдеу және реттеу жұмыстары жөнінде тиісті білім деңгейі мен практикалық жұмыс тәжірибесі бар білікті мамандардың;

8) жөнделетін өлшем құралдарын тексеруге құқы бар заңды тұлғамен метрологиялық қызмет көрсетулерді орындауға арналған шарттардың;

9) мәлімдеушінің санитарлық нормалар талаптарына сәйкестігін растайтын санитарлық қадағалау органдарының қорытындыларының болуын қамтиды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК